

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 1

«QazaqGaz» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2025 ж. «__» _____ № ____
шешіміне №6 қосымша

«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ-НЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТЫ

Дана: _____

Астана қ. 2025 ж.

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 2

Енгізілді: «QazaqGaz» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 13 шілдедегі (№10/23 хаттама) шешімімен бекітілген Р-14-23 «QazaqGaz» АҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты» құжатының орнына.

Қайта қарау күні: 2030 ж.

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 3

Мазмұны

1. Тағайындау және қолдану аясы	4
2. Нормативтік сілтемелер	5
3. Терминдер мен анықтамалар	5
4. Қысқартулар мен белгілеулер	8
5. Жауапкершілік және өкілеттіктер	8
6. Негізгі бөлігі	9
6.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары	9
6.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау	11
6.3. Контрагенттерді тексеру және олармен ынтымақтастық	133
6.4. Қайырымдылық, демеушілік және саяси қызметке қатысу	143
6.5. Формальдылықты оңайлату үшін төлем	143
6.6. Сыйлықтарды, өзге де қызметтерді (назар аударту белгілері) сыйлау, қабылдау	143
6.7. Қоғамның компаниялар тобында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Қоғамның көшбасшылығы	165
6.8. Белгіленген рәсімдер шеңберінде келіп түсетін жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс	16
6.9. Комплаенс тексерулер мен тергеп-тексерулер жүргізу тәртібі	17
6.10. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасасу бойынша қызметін қамтамасыз ету	21
6.11. Жауапкершілік	22
6.12. Қорытынды ережелер	24
7. Жазбалар	24
8. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату	24
Қосымшалар	25
Өзгерістерді тіркеу парағы	40
Танысу парағы	41

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 4

1. Тағайындау және қолдану аясы

1.1. Осы «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жөніндегі саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, ҚР СТ ISO 37001-2017 «Пара алушылықпен күрес менеджментінің жүйелері» стандартына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне, Іскерлік әдеп кодексіне, сондай-ақ «QazaqGaz» ҰК» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.

1.2. Саясат мыналарды белгілейді:

- 1) Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі басқару және ұйымдастыру негіздері;
- 3) Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алуды азайту жөніндегі іс-шаралар;
- 4) бұзушылық фактілері бойынша комплаенс тексерулер/тергеп-тексерулер жүргізу тәртібі;
- 5) жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ Қоғамның қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға бейімділігін қалыптастыру негіздері;

6) сыйлықтарды қабылдаудың, сыйға тартудың, Қоғамда қонақжайлылық актілерін көрсетудің және қабылдаудың жалпы қағидаттары, сондай-ақ сыйлықтарды тіркеу және қонақжайлылық актілерін көрсету кезіндегі Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметі.

1.3. Осы Саясаттың негізгі мақсаты Қоғамның лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің мінез-құлықтың, ашық және адал бизнесті жүргізудің, іскерлік беделін нығайтудың және Қоғамға сенімді арттырудың жоғары стандарттарына бейімділігі болып табылады. Осы Саясат пен Қоғамның іскерлік этика кодексінің нормалары бір-бірін өзара толықтырады.

Саясат қоғамның мақсаттарына сәйкес келеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттарды қою, қайта қарау және оларға қол жеткізу үшін негізді қамтамасыз етеді, парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесінің талаптарын орындау міндеттемесін қамтиды, өзінің күмәндері туралы жауапсыз қуғын-сүргінсіз құпия хабардар етуді көтермелейді, парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесін үнемі жақсарту міндеттемесін қамтиды, Комплаенс қызметінің өкілеттіктері мен тәуелсіздігін негіздейді және осы Саясатты орындамау салдарларын түсіндіреді.

1.4. Осы Саясат Қоғамның барлық қауымдастырылған, лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің (оның ішінде аутстаффинг), Қоғамның аффилирленген тұлғаларының, сондай-ақ Қоғам іскерлік немесе еңбек қатынастарын орнататын өзге де үшінші тұлғалардың танысуы және мүлтіксіз сақтауы үшін міндетті болып табылады.

1.5. Қоғам өзінің контрагенттеріне осы Саясаттың және барлық қосымшалардың талаптарын ұстануға және оның өзінің жұмыскерлерінің Саясаттың талаптарын орындауын қамтамасыз етуге кеңес береді.

1.6. Қоғамның ЕТҰ-да Саясатты қолдану, ұқсас саясатты әзірлеу және бекіту немесе Қоғамның ЕТҰ-ның ішкі құжаттарын осы Саясатқа сәйкес келтіруі арқылы белгіленген

	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 5

тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте Қоғамның ЕТҰ-ның ұқсас саясаттары мен ішкі құжаттарында осы Саясатта көзделген талаптар төмендетілмеуге тиіс.

1.7. Егер ЕТҰ орналасқан елдердің заңнамасы мен ЕТҰ-ның ішкі нормативтік құжаттары Саясаттың ережелеріне қарағанда неғұрлым қатаң талаптарды белгілесе, онда ЕТҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарының ережелері немесе заңнама талаптары қолданылады.

1.8. Осы Саясат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қолжетімді және Қоғамның корпоративтік веб-сайтында орналастырылуға тиіс.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1. Қоғамның осы Саясатында Қоғамның мынадай құқықтық актілеріне және ішкі нормативтік құжаттарына сілтемелер келтірілген:

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы шешімімен (№60/23 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ-ның портфельдік компанияларындағы комплаенс функциясы жөніндегі корпоративтік стандарт;
- Қоғамның компаниялар тобындағы комплаенс функциясы жөніндегі корпоративтік стандарт;
- Қоғамның іскерлік этика кодексі;
- Қоғамның Комплаенс қызметі туралы ереже;
- Қоғам контрагенттерінің сенімділігін тексеру жөніндегі қағидалары;
- Қоғамның мүдделер қақтығыстарын реттеу жөніндегі саясат;
- Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;
- Қоғамның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары;
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару стандарты;
- Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауын жүргізу қағидалары;
- Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарын әзірлеуге, ресімдеуге және жазуға қойылатын жалпы талаптар;
- Құжаттаманы басқару;
- Жазбаларды басқару.

3. Терминдер мен анықтамалар

3.1. Осы Саясатта 1-кестеге сәйкес терминдер мен оларға сәйкес анықтамалар қолданылады.

1-кесте. Терминдер мен анықтамалар

Терминдер	Анықтамалар
Әкімшілік-шаруашылық функциялар	Қоғамның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен берілген құқық;
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-

	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 6

	қимыл мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг	Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдау мен бағалауға қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі.
Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер	«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;
Қауымдастырылған адамдар	Қоғамның Директорлар кеңесінің, Басқармасының мүшелері, бірлескен кәсіпорындар бойынша агенттер, серіктестер және Қоғам үшін қызметтер көрсететін және оның атынан әрекет ететін адамдар;
Жақын туыстар	Ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырып алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері;
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы	Қоғамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал еткен себептерін анықтау және зерделеу бойынша қызметі;
Лауазымды адам	«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және осы Саясатқа сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген Қоғамның Директорлар кеңесінің, Басқармасының мүшелері және Қоғамдағы өзге де адамдар;
Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар	Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адам, сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджеттің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам;
Басқарушылық функцияларды орындайтын адам	Қоғамда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам;
Материальдық сыйақы	Пайдасына берілген немесе үшінші адамнан алынған материалдық құндылықтар, пайда көрулер немесе артықшылықтар;
Комплаенс жүйе немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйе	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттарға қол жеткізу үшін Қоғам қабылдайтын ішкі бақылау жүйесінің өзара байланысты элементтерінің, саясаттардың, рәсімдердің, процестерінің мен шаралардың жиынтығы, сондай-ақ алдын алу іс-шараларының кешені және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзушылыққа жол бермеу бойынша ескертушілік іс-әрекеттер, жоғары кәсіби

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 7

	және этикалық стандарттарды қамтамасыз ету, заңнаманы сақтамау тәуекелдерін барынша азайту және елеулі қаржылық залалдың немесе беделді жоғалтудың алдын алу мақсатында Қоғамның нормативтік құжаттарының талаптарын бұзушылықтарға жол бермеу жөніндегі профилактикалық іс-шаралар;
Мүдделер қақтығысы	Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;
Сыбайлас жемқорлық	Қоғамның лауазымды адамдарының жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды өзі не үшінші тұлғалар үшін алу немесе жеке алу мақсатында өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді, сол сияқты осы адамдарға игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен сатып алуға тең заңсыз пайдалануы;
Сыбайлас жемқорлық тәуекелі	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
Сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеті	Қоғамның лауазымды тұлғасы, жұмыскерлері мүлік немесе өзге де игілік түрінде пайда алу мақсатында өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып жасайтын қасақана іс-әрекеті (әрекеті немесе әрекетсіздігі);
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық	Бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
Контрагент	Қоғам шарт/келісім жасасқан не жасасуды жоспарлаға жеке немесе заңды тұлға;
Ұйымдық-нұсқамалық функциялары	Қазақстан Республикасының заңымен және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте жұмыскерлер міндетті орындауы тиіс бұйрықтар мен өкімдер шығару, сондай-ақ жұмыскерлерге қатысты көтермелеу және тәртіптік жаза шараларын қолдану;
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Қоғамның және оның лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою бойынша қызметі;

	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 8

Өкілдік шығыстар	Қабылдаулар өткізуге, мәдени-ойын-сауық іс-шараларына қатысуға, буфеттік қызмет көрсетуге, аудармашының қызметтеріне ақы төлеуге және т. б. шығыстар;
Жұмыскер	Қоғаммен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын адам, сондай-ақ жұмысты орындау үшін азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша тартылатын өзге де адамдар;
Комплаенс қызметі/жауапты құрылымдық бөлімше	Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына, «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларындағы комплаенс функциясы бойынша корпоративтік стандартқа және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын Қоғамның құрылымдық бөлімшесі;
Жекжаттар	ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апасыңділері (қарындастары), жұбайының (зайыбының) ата-аналары мен балалары .

Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

4. Қысқартулар мен белгілеулер

4.1. Осы Саясатта 2-кестеге сәйкес қысқартулар мен белгілеулер қолданылған.

2-кесте. Қысқартулар мен белгілеулер

№ р/р	Қысқартулар мен белгілеулер	Келтірілген қысқартулар мен белгілеулердің толық атауы
1	ЕТҰ	QazaqGaz» ҰК» АҚ еншілес ұйымдары, оның ішіндет бірлесіп бақыланатын ұйымдар және бірлескен кәсіпорындар
2	АРБЖЕТД	Адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департамент
3	Қоғам	«QazaqGaz» ҰК» АҚ
4	ЭҚА	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-дағы Электрондық құжат айналымы жүйесі

5. Жауапкершілік және өкілеттіктер

5.1. ҚР-01 «Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының мазмұнына, баяндалуына және ресімделуіне қойылатын жалпы талаптар» құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес осы Саясатты әзірлеуге Комплаенс қызметінің басшысы жауапты болады.

5.2. ҚР-02 «Құжаттаманы басқару» құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес осы Саясатты басқару үшін Комплаенс қызметінің басшысы жауапты болады.

5.3. Осы Саясаттың талаптарын орындау үшін жауапкершілік Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне жүктеледі.

5.4. Осы Саясатты тарату үшін жауапкершілік Қоғамның Комплаенс қызметі жұмыскерлерінің біріне жүктеледі.

	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 9

6. Негізгі бөлігі

6.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

6.1.1. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

1) **сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік** – Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықтан толық бас тартуды ұстанады.

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидаты Қоғам атынан немесе оның мүддесі үшін әрекет ететін қауымдастырылған тұлғаларға, лауазымды адамдар мен жұмыскерлерге тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы белгілі бір елде бизнес жүргізу практикасына қарамастан сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

2) **жоғары басшылықтың адалдығы және «жоғарыдан үлгі болуды» белгілеу** - Қоғамның Директорлар кеңесі сыбайлас жемқорлыққа төзеушілік мәдениетін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелері сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына және барлық деңгейлерде ашық және тұрақты түрде бітіспес қарым-қатынас туралы мәлімдейді, осы қағиданы жеке мысалмен көрсетіп, сақтап, іске асырады;

3) **лауазымды адамдар мен жұмыскерлердің тартылуы** – Қоғам өзінің лауазымды адамдары мен жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері туралы хабардар етеді және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамытуды, сондай-ақ лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауын құптайды;

4) **жазаның бұлтартпаушылығы** – Қоғам атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан, олар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, өздерінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасаған жағдайда, сондай-ақ Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі құжаттарын, оның ішінде қызметтің жазбалары мен жадынамаларын орындамаған жағдайда, Қоғамның лауазымды адамдары мен жұмыскерлерін жазалаудың бұлтартпаушылығы туралы мәлімдейді;

5) **осы Саясаттың заңдылығы мен қолданыстағы заңнамаға және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі** – Қоғам Қазақстан Республикасының және қызмет жүргізетін немесе жүргізуді жоспарлайтын өзге де елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді;

6) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі рәсімдердің тепе-теңдігі** – Қоғам, Қоғамның қызметінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тепе-тең түрде Қоғамның, оның қауымдастырылған, лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық қызметке тартылу ықтималдығын төмендетуге мүмкіндік беретін бақылау рәсімдерін әзірлейді және енгізеді;

7) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі** – Қоғам оларды іске асырудың қарапайымдылығын қамтамасыз ететін, мәнді нәтиже алуды қамтамасыз ететін рәсімдерді барынша ашық, түсінікті, орындалатындай етуге ұмтылады. Қоғам қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады және тиімсіз болған жағдайда оларды жетілдіреді;

	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 10

8) **мониторинг және бақылау** – Қоғам сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жай-күйіне мониторингті жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген рәсімдердің сақталуын және олардың тиімділігін бақылайды;

9) **мүдделер қақтығысына жол бермеу** – Қоғам мүдделер қақтығысы Қоғам мүдделерімен болған жағдайда Қоғамның лауазымды адамдары мен жұмыскерлері Қоғамда шешімдер қабылдауға тікелей немесе жанама әсер етпеуі тиіс деп санайды;

10) **тиісті қарап-тексеру** – Қоғам контрагенттермен, жұмысқа кандидаттармен немесе өзге де үшінші тұлғалармен іскерлік қатынастар туындаған/жалғасқан кезде олардың сенімділігін және мүдделер қақтығысының болмауын уақтылы тексеруді жүзеге асыра отырып, тиісті қарап-тексеруді жүргізеді;

11) **көшбасшылық және үйлестіру** – Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы мемлекеттік органдармен және Қоғамның қауымдасқан/үшінші тұлғаларымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылдарды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

6.1.2. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін ұйымдастыруға көзқарастары:

6.1.2.1. Қоғамның Директорлар кеңесі:

1) комплаенс жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті ресурстардың берілуін қамтамасыз етеді;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негіз қалаушы қағидаттары мен әдістерін, сондай-ақ комплаенс саласындағы өзге де қажетті құжаттарды айқындайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бекітеді;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының және комплаенс саласындағы өзге де құжаттардың компанияның мақсаттары мен стратегиясымен келісілуін қамтамасыз етеді;

4) Қоғамның комплаенс жүйесін әзірлеуі мен енгізуіне және оның нәтижелілігіне, сондай-ақ оның нәтижелі жұмыс істеуі үшін бөлінген ресурстардың жеткіліктілігіне бақылауды жүзеге асырады;

5) Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің жұмыс істеу тиімділігіне бақылауды жүзеге асырады;

6) мерзімді, бірақ жылына кемінде 1 (бір) рет Қоғам Басқармасынан (сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін талдау) комплаенс жүйесін құру және оның жұмыс істеуі туралы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қабылданатын шаралар туралы ақпарат алады;

7) өткізілген ішкі аудит немесе үшінші тараптың талдауы негізінде комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттарға қол жеткізуді мерзімді, бірақ жылына кемінде 1 (бір) рет бағалайды;

8) парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесін түсіну, орындау және оның талаптарына сәйкестігі үшін жауапты болады.

6.1.2.2. Қоғамның Басқармасы мыналарға жауапты:

1) парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесінің талаптарын Қоғам процестеріне интеграциялауды (ендіруді) және комплаенс жүйесі мен функциясының тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз ету;

2) осы Саясатты және қоғамның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тиісті жауап беру мақсаттарын қоса алғанда, парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесін әзірлеуді, енгізуді, басқаруды, жұмыс жағдайында ұстауды қамтамасыз ету және қайта қарау;

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 11

3) парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін жеткілікті және тиісті ресурстар беру;

4) Комплаенс мәдениетін ақпараттандыру және ілгерілету, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Қоғам ішінде де, одан тыс жерлерде де бұзушылықтардан бас тарту;

5) жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың нәтижелі менеджментінің маңыздылығы және парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкестігі идеяларына тарту, сондай-ақ жұмыскерлерді парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесінің нәтижелілігіне үлес қосуға қолдау көрсету;

6) парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесін үнемі жақсарту және үнемі жетілдіруді ынталандыру;

7) сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты жағдайлары туралы жұмыскерлерді бастамашыл ақпараттандыру құралдарын (Қауырт желі) пайдалануға ынталандыруды қамтамасыз ету;

8) жауап қуғын-сүргінінен қорықпай өз күмәндері туралы құпия хабарлауды көтермелеу және жұмыскерлердің ешқайсысы адал ниетпен немесе негізделген болжам бойынша жасалған компанияда жасалатын бұзушылықтар туралы хабарламалар үшін немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысудан бас тартқаны үшін қудалауға, кемсітуге немесе тәртіптік ықпал ету шараларына ұшырамайтынына кепілдік беру, тіпті егер мұндай жағдай орын алса да бас тарту ұйымның бизнесі үшін шығындарға әкелуі мүмкін (адамның өзі бұзушылыққа қатысқан жағдайларды қоспағанда);

9) парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі оның мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететіндей әзірленгеніне кепілдік беру;

10) Қоғам шеңберінде сыбайлас жемқорлықтан бас тарту мәдениетін тарату;

11) белгіленген жауапкершілік шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен анықтауда көшбасшылықты көрсету үшін тиісті басшылық лауазымдарда өзге де қызметкерлерді қолдауды қамтамасыз ету;

12) парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесін енгізу және оның талаптарына сәйкестігі тиісті лауазымдық функциялар үшін жауапкершілік пен өкілеттіктердің белгіленуін және Қоғамның барлық деңгейлеріндегі жұмыскерлерге жеткізілуін қамтамасыз етеді;

13) парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесін құру және оның жұмыс істеуі туралы, сондай-ақ оның тұрақты жарамдылығының, сәйкестігі мен нәтижелілігінің кепілдігін қамтамасыз ету үшін сыбайлас жемқорлықтың елеулі және/немесе жүйелі жағдайларына күдік туралы қоғамның парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесіне мерзімді, бірақ жылына кемінде 1 (бір) рет талдау жүргізу. Қоғам Басқармасы жүргізетін талдау нәтижелері тұрақты жақсарту мүмкіндіктеріне және парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесін өзгерту қажеттіліктеріне байланысты шешімдерді қамтуы тиіс. Қоғамның Басқармасы жүргізетін талдаудың қорытынды нәтижелері Қоғамның Директорлар кеңесіне жіберіледі.

6.1.2.3. Қоғамда комплаенс қызметі құрылды және жұмыс істейді, оның мақсаты Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасына Қоғамның маңызды комплаенс пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тиісті түрде басқарылатынына ақылға қонымды сенімді қамтамасыз ететін тиімді комплаенс жүйесін құруда қолдау көрсету болып табылады. Комплаенс қызметінің мақсаттары мен міндеттері Комплаенс қызметі туралы ережемен реттеледі

6.1.2.4. Комплаенс қызметінің тәуелсіздігіне, оның ішінде:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің комплаенс саласындағы ереже мен негізгі саясатты, Комплаенс қызметінің жұмыс тәртібі мен жоспарларын бекітуі;

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 12

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің комплаенс тәуекелдерінің мәртебесі және Қоғамдағы комплаенс жүйесінің жұмыс істеуі туралы ақпаратты тұрақты алуы;

3) Комплаенс қызметінің Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне, Қоғамның Директорлар кеңесіне, Қоғам басқармасына парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесінің жұмыс істеу мәселелерін, туындайтын шектеулерді және сыбайлас жемқорлыққа немесе парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесіне байланысты мәселені немесе проблеманы талқылау үшін тікелей және жедел қол жеткізуін қамтамасыз ету;

4) Комплаенс қызметінің өкілеттіктері мен ресурстарының жеткіліктілігі.

6.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау

6.2.1. Қоғам заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі бағалау жүргізеді.

6.2.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру мен бағалаудың мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне ұшырайтын және лауазымды адамдар мен жұмыскерлердің жеке пайда алу мақсатында да, Қоғамның пайдасын алу мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы жоғары Қоғам қызметінің түрлері мен бизнес-процестерін анықтау болып табылады. Бұл ретте тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалауды жүргізуге, сондай-ақ оларды төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге талданатын бизнес-процеске жетекшілік ететін басшы жауапты болып табылады.

6.2.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау негізінде жүргізіледі.

6.2.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану тәжірибесін бағалау болып табылады.

6.2.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг мынадай шараларды қамтиды (бірақ олармен шектелмейді):

1) Қоғамның ішкі құжаттарына және олардың жобаларына Директорлар кеңесі, Қоғам Басқармасы бекітуге шығаратын, оларда сыбайлас жемқорлықты (факторларды) көрсету үшін себептер мен жағдайлар жасауға ықпал ететін ережелердің болуы тұрғысынан комплаенс-сараптама жүргізу және оларды жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) өзінің ішкі құжаттарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың өзгеретін талаптарына жедел сәйкестендіру мақсатында Қоғамның қызметіне ықпал ететін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, сондай-ақ шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының мониторингі;

3) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің статистикасын зерделеу, лауазымды адамдар мен жұмыскерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері фактілері бойынша үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың мәліметтері;

4) бұқаралық ақпарат құралдарындағы және заңмен тыйым салынбаған өзге де ақпарат көздеріндегі жарияланымдардың мониторингі.

6.2.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу, сондай-ақ Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жетілдіру үшін негіз бола алады.

6.2.7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау:

1) Қоғамның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде, Қоғамның ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды анықтау;

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 13

2) Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

3) іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындауы ықтимал бизнес-процестің «сыни нүктелерін» анықтау;

4) мыналарды қамтитын сыбайлас жемқорлық схемаларының сипаттамасы:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған кезде Қоғам немесе оның жекелеген лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері алуы мүмкін пайда немесе артықшылық сипаттамасы;

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды олардың тізбесін қалыптастыра отырып айқындау;

- сыбайлас жемқорлық төлемдерін жүзеге асырудың ықтимал нысандары;

5) ішкі бақылау рәсімдерінің болуын немесе болмауын айқындау, қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалау.

6.2.8. Кез келген сыбайлас жемқорлық схемасы үшін тәуекелге төзімділіктің нөлдік деңгейі қабылданды және әрбір жағдайда Қоғам ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі шараларды дереу әзірлейді.

6.2.9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бірдейлендіруді және бағалауды жүргізу, оларды барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттеледі.

6.2.10. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, талдау және бағалау процесінің нәтижелері бойынша ықтимал сыбайлас жемқорлық бұзушылықтың көздері мен жағдайлары туралы ақпаратты қамтитын тіркелім жасалады, сондай-ақ маңызды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін митигациялау және комплаенс жүйесінің тиімділігін арттыру үшін бақылау рәсімдері мен іс-шаралар әзірленеді. Барлық анықталған маңызды комплаенс тәуекелдер үшін оны іске асыруға әсер ететін лауазымдарды (адамдарды) анықтау қажет.

6.3. Контрагенттерді тексеру және олармен ынтымақтастық

6.3.1. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қатысуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас қаупін азайту үшін ақылға қонымды күш жұмсауда. Осы мақсаттарда Қоғам контрагенттердің сыбайлас жемқорлыққа ықтимал қатысуын бағалауды, оның ішінде олардың өздерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының немесе рәсімдерінің бар-жоғын тексеруді, олардың осы Саясаттың талаптарын сақтауға, бизнесті әдепті жүргізу және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін өзара жәрдем көрсетуге дайындығын жүргізеді және шарттарға мынадай толықтырулар енгізеді

- осы Саясатқа №4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер;

- Осы Саясатқа №5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Өнім берушінің кодексі (тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарына қолданылады).

6.3.2. Жоғарыда аталған құжаттарды пайдалану тараптар арасындағы сенімді сақтауға және шарттар жасасу кезінде де, орындау кезінде де сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға көмектеседі.

6.3.3. Контрагенттермен іскерлік қатынастар орнату ниеті кезінде Шарттың және/немесе өзге келісімнің бастамашысы Қоғамның контрагенттерінің сенімділігін тексеру жөніндегі қағидаларын басшылыққа алуы қажет.

	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 14

6.3.4. «Тәуекел факторлары» анықталған жағдайда Шарттың және/немесе өзге де келісімнің бастамашысы Қоғамның тиісті шешім қабылдауы үшін міндетті түрде ақпаратты тікелей басшыға жеткізуі қажет.

6.4. Қайырымдылық, демеушілік және саяси қызметке қатысу

6.4.1 Қоғам Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін қайырымдылық бағдарламасына сәйкес қайырымдылық көмек көрсете алады, онда қайырымдылық көмек көрсету мөлшерінің лимиті көзделеді.

6.4.2. Қоғам, сондай-ақ лауазымды адамдар мен жұмыскерлер өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтау мақсатында саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді қаржыландыруды жүзеге асырмайды.

6.4.3. Қоғамдық бірлестіктерге қатысқан кезде лауазымды адамдар мен жұмыскерлерге өз қызметінде Қоғам үшін артықшылық алу немесе сақтау мақсатында Қоғам атынан төлемдер ұсынуға, беруге, уәде беруге немесе жасауға, мүлік салуға, сыйлықтар беруге тыйым салынады.

6.4.4. Лауазымды адамдар мен жұмыскерлер қоғамдық ұйымдарға қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

6.5. Формальдылықты оңайлату үшін төлем

6.5.1. Бұл Саясат формальдылықты оңайлату үшін төлемдерді төлеуге немесе қабылдауға тыйым салады. Формальдылықты оңайлату үшін төлем әдеттегі рәсімдерді орындау немесе жеделдету үшін лауазымды адамдар мен жұмыскерлерге жасалған төлемдерді білдіреді. Формальдылықты оңайлату үшін төлемнің қызметтер үшін ресми алымдардан өзгешелігі бар, оның мөлшері туралы ақпарат ашық қол жетімді.

6.6. Сыйлықтарды, өзге де қызметтерді (назар аударту белгілері) сыйлау қабылдау

6.6.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Іскерлік әдеп кодексіне сәйкес Қоғам лауазымды адамдар мен жұмыскерлерге, сондай-ақ осы адамдардың отбасы мүшелеріне, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе қызметтер көрсеткен адамдардың пайдасына осы адамдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін берілетін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді алуға тыйым салады осы адамның қызметтік өкілеттігі не ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекетке (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін.

6.6.2. Лауазымды адамдардың және (немесе) олардың отбасы мүшелерінің хабарынсыз келіп түскен сыйлықтар мен ақша сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органға өтеусіз берілуге/аударылуға жатады.

6.6.3. Қоғам ресми кездесулер барысында іскерлік сыйлықтармен (кәдесыйлармен) алмасуды және өкілдік шығыстарды, оның ішінде іскерлік қонақжайлылықты жүзеге асыруды бизнесті жүргізудің қажетті бөлігі және жалпы қабылданған іскерлік практика деп таниды. Қоғам іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық шығындарына қатысты адалдық пен ашықтық атмосферасын барлық жағынан көтермелейді.

6.6.4. Өкілдік шығыстарды, оның ішінде Қоғамның үшінші тұлғалармен іскерлік қонақжайлылығын жүзеге асыру мынадай критерийлерге жауап беруі тиіс:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Іскерлік әдеп кодексінің және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының нормаларына толық сәйкес келу;

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 15

2) ақылға қонымды, мөлшері негізделген және байлықты білдіретін заттар болмауы;

3) қызмет, іс-әрекет, әрекетсіздік, жол бермеу, қамқоршылық, құқықтар беру, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат және т. б. туралы белгілі бір шешім қабылдағаны немесе алушыға өзге де заңсыз немесе этикаға жат мақсатпен ықпал етуге тырысқаны үшін жасырын сыйақы ұсынбау;

4) қонақжайлылық таныту адамның белгілі бір тәсілмен әрекет етуіне ықпал етуге немесе итермелеуге немесе оның рөлін немесе функциясын орындағаны үшін сол адамды марапаттауға арналған деп есептелмейді және қабылданбайды;

5) сыйлықтар немесе өкілдік шығыстар туралы ақпарат ашылған жағдайда Қоғам, лауазымды адамдар мен жұмыскерлер, сондай-ақ өзге де адамдар үшін беделді тәуекел туғызбау;

6) қонақжайлылық көрсету орынды және осы Саясатта көзделген шектен шықпайды және тиісті бөгде ұйымның қонақжайлылығына қатысты саясатты бұзбайды.

6.6.5. Қонақжайлылықтың кез келген көрінісі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс;

6.6.6. Мемлекеттік қызметшілерге, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің лауазымды адамдарына және олардың отбасы мүшелеріне қонақжайлылық белгілері мен сыйлықтар ұсынуға жол берілмейді. Сондай-ақ, егер сыйлықты қабылдау оны беретін адам үшін қолайсыз екені белгілі болса, сыйлықтар ұсынуға немесе беруге жол берілмейді.

6.6.7. Іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылықтың барлық шығындары, сондай-ақ жарнамалық шығындар Қоғамның бекітілген бизнес-жоспарына сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылуы керек. Осындай бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін Қоғамның жауапты құрылымдық бөлімшесі мен басшылығы алдын ала мақұлдауы тиіс.

□ Маған, Саясаттың және ҚР СТ ISO 37001-2017: «Парақорлыққа қарсы күрес менеджмент жүйесі» стандартының қағидаттары мен талаптары және қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама туралы қосымша сұрақтарым болған жағдайда, «QazaqGaz» ҰК» АҚ Комплаенс қызметіне жүгіне алатыным түсіндірілді.

Өтініш мына жерге қолыңызды қойыңыз
 (ЭЦҚ қолы)

_____ 20__ ж. «__» _____ Т.А.Ә.
 Қолы/ЭЦҚ қолы

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 28

№ 2 қосымша

«Сыйлықтарды және қонақжайлылық актілерін тіркеу журналының» нысаны

Сыйлықтарды және қонақжайлылық актілерін тіркеу журналы

№ р/р	Қонақжайлылық, сыйлық алу актісін көрсету күні	ТАӘ және сыйлықты алғаны туралы хабарламаны ұсынған адамның лауазымы	Сыйлықтың атауы, қонақжайлылық актісінің сипаттамасы	ТАӘ және сыйлық алған тұлғаның лауазымы	Атауы, сыйлық берушінің ТАӘ	Ерекше белгілері
1	2	3	4	5	6	7

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 29

№ 3 қосымша

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау және мәліметтердің дұрыстығын растау туралы келісім» нысаны

»

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау және мәліметтердің дұрыстығын растау туралы келісім

Мен, _____,

(тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымды тұлға және/немесе басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын тұлға болып табылатын тұлғаның лауазымын көрсетіңіз)

(егер келісімді жоғарыда көрсетілген функциялармен байланысты лауазымға кандидат тұлға ұсынған болса көрсетіңіз)

(компанияны көрсетіңіз)

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң), «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобының өзге де заңға тәуелді құқықтық актілері мен ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау, менің жеке, топтық өкілеттіктерімді пайдалануыма әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу мақсатында Мен Заңның 13, 14, 14-1 және 15-баптарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Заңда көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мынадай шектеулерді өзіме қабылдаймын:

- 1) өз функцияларын орындаумен сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының, оның ішінде бір құрылымдық бөлімшеде және жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының тікелей бағынысында болуы немесе егер лауазым функционалдық (бизнес-процестер мен рәсімдер бойынша) лауазымдармен байланысты болса, әртүрлі бөлімшелерде, олардың жақын туыстары, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен қызметіне (жұмысына) жол берілмеуі;

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 30

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе өндіріп алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалануға;

4) егер мұндай іс-әрекеттер осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдау немесе лауазымдық жағдайға байланысты бұл адамдар мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін;

5) «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген анықтамаға жататын ойын мекемелерінде құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысу, сол сияқты осы үшін бөлінбеген орындарда немесе телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желілері пайдалану арқылы өткізілетін құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысу.

Мен Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін.

Мен заңды күшіне енген сот шешімімен белгілі бір мерзім ішінде қандай да бір лауазымды атқару құқығынан айырылған және/немесе қылмыстық/әкімшілік/тәртіптік жауаптылыққа тартылған және соттылығы бар адам, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адам болып табылмаймын.

*Мен ұйымның басшылығына осы ұйымда жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайы және (немесе) жекжаттары туралы **жұмысқа қабылданғанға дейін немесе осындай жағдай туындаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде** жазбаша түрде хабарлауға міндеттенемін.* Егер мен көрсетілген бұзушылықты анықтаған сәттен бастап үш ай ішінде өз еркіммен осындай бұзушылықты жоймасам, онда мен осындай бағыныстылықты болдырмайтын лауазымға ауыстырылатынымды, ал мұндай ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда, осындай жұмыскерлердің бірі лауазымнан босатылуға немесе аталған функциялардан өзге де босатылуға жататындығынан хабардармын.

Мен Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзған жағдайда мені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапқа тартуға, оның ішінде атқаратын қызметінен босатуға болатындығы туралы хабардар етілдім.

Менің шотыма немесе менің отбасы мүшелерімнің шоттарына біздің білімімізсіз түскен ақша, сондай-ақ Мен немесе олар Заңның 12- бабы 1-тармағының 4) тармақшасын және 5-тармағын бұза отырып алған қаражат, олар анықталғаннан кейін тиісті мемлекеттік кіріс органына осындай қаражаттың түсу мән-жайлары туралы екі аптадан аспайтын мерзімде түсініктеме бере отырып, республикалық бюджетке аударылуға жататыны туралы хабардар етілдім.

Мен, өзімнің немесе менің отбасымның мүшелерінің хабарынсыз келіп түскен, сондай-ақ мен және олар Заңның 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын және 5-тармағын бұза отырып алған сыйлықтар мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға сыйлықты алған не маған немесе Менің отбасымның мүшелеріме сыйлық алу туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде қайтарусыз беруге жататындығы, ал сол жағдайларда көрсетілген тұлғаларға көрсетілген қызметтер қызмет көрсетілген күннен не Заңның 12-бабы 1-тармағының бірінші абзацында көрсетілген адамға қызметтер көрсету туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде республикалық бюджетке ақшалай аударым жолымен төленуі тиіс екендігінен хабардармын. Бұл ретте сыйлықты мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға берген адам жоғары тұрған

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 31

лауазымды адамды хабардар ете отырып, оны мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен жасалатын сатып алу-сату шарты негізінде «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған құн бойынша сатып алуға құқылы. Сыйлықтарды сатудан түскен ақша республикалық бюджетке аударылады.

Компания қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтаған жағдайда, менің дербес деректерімді жинауға, сақтауға, өңдеуге және трансшекаралық беруге қатысты компанияға қандай да бір шағым болмайды.

Мен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамау лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан шығаруға (лауазымнан босатуға), қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда оларды сақтамау еңбек қатынастарын тоқтату үшін негіз болып табылатыны туралы хабардар етілдім.

(Лауазымы)

Т.А.Ә. (толық жазыңыз)

Күні

Қолы/ЭЦҚ қолы

Бұл нысан ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда комплаенс қызметімен келісім бойынша өзгертілуі мүмкін.

	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 32

№ 4 қосымша

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің» нысаны

»

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе

1. «QazaqGaz» ҰК» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Шарттың екінші тарабын (бұдан әрі - Контрагент) Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі саясатының (бұдан әрі - Саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді. Шартқа қол қою арқылы Контрагент Қоғамның ресми сайтында жарияланған саясатпен танысқанын растайды.

2. Контрагент Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, ҚР СТ ISO 37001-2017: «Парақорлыққа қарсы күрес менеджмент жүйесі» стандартының талаптарын сақтауға және олардың сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілерде және шетелдік мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға және осы ескертпенің кепілдіктерін сақтауға міндеттенеді.

3. Контрагент мемлекетпен байланысты адам болып табылмайтынын және оның лауазымды адамдары, жұмыскерлері не тікелей немесе жанама иелері болып табылатын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының әрекеті қолданылатын адамдары жоқ екенін растайды. Контрагент Қоғамды «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күшіне енетін қандай да бір тұлға контрагенттің лауазымды адамы немесе жұмыскері болған не контрагентті ұйымдастыруға қатысудың тікелей немесе жанама үлесін алған барлық жағдайлар туралы жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді.

4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде тараптар мен олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы адамдардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген адамдарға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

5. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде, Тараптар мен олардың жұмыскерлері пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

6. Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке салатын және осы жұмыскердің оны ынталандырушы Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 33

7. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

8. Жазбаша хабарламада Тарап, фактілерге сілтеме жасауға немесе дұрыс растайтын немесе осы талаптың қандай да бір ережелерін пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы заңдар мен халықаралық актілер талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын контрагенттің, оның жұмыскерлерінің бұзғанын немесе бұзушылық орын алуы мүмкін деп болжауға негіз беретін материалдарды ұсынуға міндетті.

9. Контрагент осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптары нақты немесе ықтимал бұзылған жағдайда Қоғамға адал көмек пен жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

10. Талаптарды бұзу жағдайлары туралы хабарлау үшін Контрагент Қоғамның ресми веб-сайтында орналастырылған «Жедел желіні» пайдалануға міндетті.

Ескерту: *Шарт Тараптарының келісімі бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе нысанына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге жол беріледі.*

	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 34

№5 қосымша

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Өнім берушісінің кодексі

1. Мақсат.

1.1. «QazaqGaz» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Өнім берушінің кодексінде Қоғаммен жүзеге асырылатын бірлескен коммерциялық қызмет шеңберінде сақтауды және құрметтеуді талап ететін минималды стандарттарды қамтиды.

1.2. Бизнестің тұрақты дамуы Қоғамның мүдделі тараптарының әлеуметтік қажеттіліктері мен үміттеріне батыл жауап беруге бағытталған Қоғам стратегиясының басты негізі болып табылады.

2. Негізгі ережелер

2.1. Кодексте жазылған стандарттар Қоғам жұмыс істейтін Өнім берушіден, оның ішінде оның еншілес және үлестес компанияларынан, сондай-ақ Өнім беруші істерді жүргізетін өзге де тараптардан, оның ішінде оның барлық жұмыскерлерінен (тұрақты және уақытша жұмыскерлерді қоса алғанда) Қоғам күтетін үміттерді көрсетеді.

2.2. Қоғамның Өнім берушісі Қазақстан Республикасы заңнамасының, ҚР СТ ISO 37001-2017: «Парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі» стандартының, басқа да қолданылатын заңнаманың, Қоғамның ішкі құжаттарының, атап айтқанда осы құжатта жазылған қағидаттардың талаптарын сақтауға тиіс.

2.3. Іскерлік ақпаратпен және есептілікпен байланысты барлық іс-әрекеттер адал және шынайы орындалуы керек, олардың орындалуы мен дәлдігін реттейтін барлық қолданыстағы заңдарға сәйкес келуі керек.

2.4. Өнім беруші тиісті шарт бойынша Қоғамның уәкілетті өкілінің алдын ала жазбаша келісімінсіз оның Қоғаммен өзара қарым-қатынасы немесе келісімдері туралы пресс-релиздер немесе басқа да жарияланымдарды шығармайды.

2.5. Өнім беруші осы Кодекстің ережелерін оның жұмыскерлеріне таратуға, таныстыруға және мұқият тексеруге жауапты.

3. Жалпы қағидаттар

Қоғам Өнім берушісі мыналарды сақтайды:

- өз жұмысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермейді;
- өз жұмыскерлеріне, өкілдеріне және тең орындаушыларына Қоғаммен жасалған шарттар бойынша коммерциялық пара беруге және сыбайлас жемқорлық сипаттағы өзге де әрекеттер жасауға тыйым салады;
- заңсыз мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарын жояды;
- балалар еңбегін болдырмайды;
- кез келген кемсітушілікті, оның ішінде жұмысқа орналасуға және еңбек қызметіне қатысты болдырмайды;
- ең төменгі жалақы мөлшеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді сақтайды;
- Қазақстан Республикасының және/немесе өз қызметін жүзеге асыратын өзге де елдің еңбек заңнамасын сақтайды.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптар

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 35

4.1. Сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, оның ішінде бопсалау, паракорлық, формальдылықты оңайлату үшін сыйақы, алаяқтық, ақшаны жылыстату және Өнім берушінің қызметіндегі непотизмге қатаң тыйым салынады.

4.2. Егер Қоғамда Өнім берушінің осы Қосымшаның талаптарын бұзғаны туралы объективті күдіктері мен куәліктері болса, мұндай бұзушылық шарттың елеулі бұзылуы болып саналады және Қоғам осы Шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Қоғамның құқықтарына нұқсан келтірместен төлемдерді тоқтата тұруға немесе осы Шарттың қолданылуын тоқтатуға құқылы. Бұдан басқа, егер кез келген осындай бұзушылық Қоғам үшін қылмыстық құқық бұзушылыққа әкеп соқтырған жағдайда, осы Шарттың басқа ережелерінде көзделуі мүмкін осындай бұзушылықты түзетудің кез келген құқығына қарамастан, осы Шарт Өнім берушіні хабардар еткен кезден бастап дереу уақытша тоқтатылады және/немесе тоқтатылады.

4.3. Жоғарыда көрсетілген талаптарды іске асыру үшін Өнім беруші осы Шарт бойынша қызметтер көрсету үшін Өнім беруші тартатын кез келген жеке немесе заңды тұлғаның ол үшін осы Қосымшаға сәйкес Өнім берушіге жүктелгенге ұқсас жауаптылық пен міндеттемелерді көздейтін жазбаша шарт негізінде ғана әрекет ететініне кепілдік беруге тиіс; бұл ретте Өнім беруші мұндай адамдардың осы талаптарды орындауына, сондай-ақ олар бұзылған жағдайда Қоғам алдында тікелей жауапты болуды жалғастырады.

4.4. Өнім беруші Қоғамға және оның тікелей және жанама акционерлеріне, директорларына (бұл талап қор биржасында тіркелген компанияның акцияларын ұстаушыларға қолданылмайды), лауазымды адамдарға және жұмыскерлерге кез келген азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық санкцияларды немесе Өнім берушінің осы Өнім беруші кодексінің ережелерін бұзуы нәтижесінде олар шеккен айыппұлдарды қоса алғанда, барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді.

4.5. Өнім беруші және Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін тартатын кез келген жеке немесе заңды тұлғалар, оның ішінде олардың жұмыскерлері, агенттері, консультанттары, мердігерлері және қосалқы мердігерлері:

- пара немесе өзге де сыбайлас жемқорлық төлемдерін, оның ішінде кез келген лауазымды тұлғаға ұсынуға, уәде етуге, беруге, талап етуге немесе алуға тиіс емес;

- Өнім берушінің немесе Қоғамның немесе олардың кез келген тікелей немесе жанама акционерлерінің, директорларының, лауазымды адамдарының немесе жұмыскерлерінің, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын бұзуына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді әдейі немесе абайсызда жасамауға тиіс;

- лауазымды адамның немесе оның жақын туысының Өнім берушінің компаниясында тікелей немесе жанама мүліктік мүддесі/бақылауы бар екендігі туралы хабарлауға тиіс (бұл талап қор биржасында тіркелген компанияның акцияларын ұстаушыларға қолданылмайды);

- Өнім берушінің қазір немесе болашақта жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын қандай да бір адамның, оларға теңестірілген адамдардың жұмыс берушісі болып табылатындығы туралы Қоғамға хабарлауға және осындай қатынастардағы кез келген өзгерістер туралы Қоғамға дереу хабарлауға тиіс;

- егер олар қолма-қол ақшасыз нысанда немесе Өнім берушінің тіркелген еліндегі немесе сатып алу нәтижелерін жеткізген елдегі Өнім берушінің банктік шотына өзге бақыланатын төлем құралы арқылы жасалса, Қоғамнан төлемдерді қабылдауға тиіс;

- сот, төрелік немесе әкімшілік талқылау барысында Өнім берушіге қойылған алаяқтық, паракорлық, сыбайлас жемқорлық немесе өзге де заңсыз қызмет бойынша кез келген айыптаулар туралы немесе осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде кез келген сәтте осындай

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 36

айыптаулар бойынша тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда Қоғамды дереу хабардар етуге тиіс;

- Қоғамда Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны (немесе ықтимал бұзғаны) туралы негізделген күдік туындаған жағдайда, осындай бұзушылық фактісін анықтау үшін Қоғаммен және оның өкілдерімен адал қарым-қатынас жасауға тиіс;

- тексеруді тек Қоғамның жұмыскерлері немесе тиісті шарт негізінде Қоғам тартатын бөгде кәсіптік ұйым ғана жүргізе алатынына келіседі. Өнім берушінің осы Шарттың талаптарын елеулі түрде бұзғанын анықтаған жағдайларды қоспағанда, тексеруді жүргізуге байланысты барлық шығыстарды Қоғам көтереді. Бұл жағдайда оны жүргізуге байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді.

4.6. Өнім беруші өз жұмыскерлеріне мәмілеге әсер ету немесе жеке немесе іскерлік артықшылықтар алу мақсатында қолайлы қарым-қатынастың орнына тікелей немесе жанама түрде төлемдерді, сыйлықтарды немесе артықшылықтарды ұсынуға, сұрауға, беруге немесе қабылдауға толық тыйым салады. Бұл талап жұмыскерлерге де, Өнім беруші жұмыскерлерінің отбасы мүшелеріне де, оны тең орындаушыларына да қолданылады.

4.7. Өнім беруші әділ бәсекелестік пен еркін нарық қағидаттарын сақтауы тиіс. Бизнес шешімдер жеке қатынастар мен мүдделерді ескере отырып немесе олардың әсерінен қабылданбауы керек.

4.8. Өнім беруші ҚР заңнамасына және халықаралық стандарттарға сәйкес құрылған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасасу бағдарламасын енгізуі тиіс. Тиісті практикалық және ақпараттық дайындықты қамтитын бағдарлама ашық және тиімді болуы керек.

4.9. Қоғамның Өнім берушісі, Өнім берушінің жұмыскерлері мен Қоғам жұмыскерлеріне немесе олардың туыстарына қатысты олардың іскерлік беделіне немесе қабылданған шешімдеріне теріс әсер етуі мүмкін нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысы бар жағдайларды анықтау және алдын алу үшін бар күшін салады.

4.10. Өнім беруші Қоғамға барлық қосалқы мердігерлер мен үлестес тұлғалар бойынша ақпаратты, сондай-ақ түпкілікті бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркеу туралы ақпаратты ашуды және тексеруді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.11. Өнім берушіге Қоғам атынан жол жүру, тұру, сыйлықтар, қонақжайлық, ойын-сауық және қайырымдылық жарналарын төлеуге тыйым салынады.

5. Мүдделер қақтығысы.

5.1. Өнім беруші Қоғамға мүдделер қақтығысы болуы мүмкін және іскерлік қатынастарға әсер етуі мүмкін кез келген жағдайлар туралы хабарлауы керек және бұған жол бермеуі керек.

5.2. Қызметті жүзеге асыру кезінде, Өнім беруші тек объективті критерийлер негізінде шешім қабылдауы керек. Жеке, коммерциялық немесе басқа мүдделер қақтығысына байланысты Өнім берушінің шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін кез-келген факторлар ең басында алынып тасталуы керек.

5.3. Егер Өнім берушінің жұмыскері Қоғам жұмыскерінің туысы немесе жекжаты болып табылса және бұл Шартты орындау немесе іскерлік қатынастарды жүргізу кезінде мүдделер қақтығысы үшін негіз бола алса, Өнім беруші бұл туралы Қоғам басшылығына хабарлауға тиіс.

6. Адам құқықтары және еңбек жағдайлары

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 37

6.1. Өнім беруші барлық жұмыскерлерге тиісті еңбек жағдайларын қамтамасыз етуі және жұмыскерлердің барлық еңбек құқықтарының орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

6.2. Негіздемелеріне қарамастан, оның ішінде жұмысқа орналасу мен еңбек қызметіне, жынысына немесе гендерлік тиесілігіне, ұлтына, азаматтығына, нәсіліне, терісінің түсіне немесе этникалық тегіне, дініне, жасына, тіліне, отбасы мәртебесіне, әлеуметтік және ата-ана мәртебесіне, мүлктік және лауазымдық жағдайына, қоғамдық бірлестіктерге және саяси себептерге, жүктілік, мүгедектік, сондай-ақ жұмыскердің іскерлік қасиеттеріне және оның жұмыс нәтижелеріне байланысты емес басқа жағдайларына қатысты кез келген кемсітушілікке тыйым салынады.

6.3. Өнім беруші жұмыскерлерден немесе әлеуетті жұмыскерлерден қолданыстағы заңнаманың немесе нормативтік актілердің талабы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, немесе егер бұл жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет болса, жүктілік сынақтарын қоса алғанда, медициналық сынақтардан өтуді талап етпеуі тиіс. Провайдер тест нәтижелері бойынша кемсітушілікке жол бермеуі керек.

6.4. Өнім беруші заң талаптарына сәйкес мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолжетімді орта құруы тиіс.

6.5. Өнім берушіге мәжбүрлі еңбекті, тұтқындардың еңбегін пайдалануға, адамдармен сауда жасауға және коммерциялық жыныстық қызметтерді сатып алуға тыйым салынады. Мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарын, оның ішінде ауыр еңбекті, мәжбүрлі еңбекті (құлдықты қоса алғанда) немесе мәжбүрлі еңбектің өзге де нысандарын қолдануға тыйым салынады. Қорқыту, күш қолдану, алаяқтық мәлімдемелер немесе қысымның басқа түрлері арқылы адам саудасына немесе мәжбүрлі еңбекке кез келген нысанда қолдау көрсетуге немесе қатысуға тыйым салынады.

6.6. Жұмысқа қабылдау үшін қолданыстағы заңнамада белгіленген ең төменгі жасқа толмаған адамдарды жұмысқа қабылдауға тыйым салынады. Өнім беруші қолданыстағы заңнамаға сәйкес еңбек шартын жасасуға жол берілетін жағдайларды қоспағанда, балалардың немесе кәмелетке толмағандардың еңбегін пайдаланбауы тиіс.

6.7. Өнім берушінің барлық жұмыскерлерінде қол қойылған еңбек шарты болуы керек. Еңбек шарты жұмыс уақытының ұзақтығын, қосымша жұмыс уақытындағы жұмыс үшін өтемақыны, хабарлама мерзімін, жалақы мөлшерін және төлем жиілігін, сондай-ақ қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де талаптарды қоса алғанда, барлық негізгі талаптарды белгілеуге тиіс.

6.8. Өнім беруші жұмыскерлердің жұмыс уақыты мен демалысына және жұмыс берушінің басқа да міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді сақтайды.

6.9. Өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшеріне қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтайды. Үстеме жұмыс болған уақытта жұмыс істеу, демалыс және мереке күндері немесе түнгі уақытта жұмыс істеу шарттарға, еңбек немесе ұжымдық шарттарға және (немесе) жұмыс берушінің актісіне сәйкес жоғары мөлшерде төленеді.

6.10. Өнім беруші жұмыскерлерге өз ана тілінде немесе өзі түсінетін тілде жазылған жұмыскерлердің құқықтары мен міндеттерін білуге және толық мөлшерде түсінуге мүмкіндік береді.

6.11. Лауазымдық нұсқаулықтар әзірленуі, жаңартылуы және барлық жұмыскерлер мен консультанттардың назарына жеткізілуі тиіс.

6.12. Ешкім физикалық жазаға, заңсыз ұстауға, физикалық, сексуалдық және/немесе психологиялық қудалауға ұшырамауы керек.

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 38

6.13. Өнім беруші қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз жұмыскерлері үшін бірлестік еркіндігіне құрмет көрсетеді.

7. Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі.

7.1. Өнім беруші оның қызметінің оның жұмыскерлерінің, мердігерлердің және басқа да адамдарының денсаулығы, сондай-ақ аумақтарында және үй-жайларында шарттық қатынастар жүзеге асырылатын Қоғам жұмыскерлерінің қауіпсіздігі үшін қауіпсіз екендігіне кепілдік береді.

7.2. Қоғамның Өнім берішісі жұмыста еңбек жағдайларын қамтамасыз етуі керек, жұмыскерлер денсаулық пен еңбек қауіпсіздігі, оның ішінде өрт қауіпсіздігі, радиациялық қауіпсіздік, химиялық заттар мен жабдықтарды дұрыс пайдалану және төтенше жағдайларға дайындық және алғашқы медициналық көмек туралы ақпаратпен танысып, тиісті дайындықтан өтуі керек.

7.3. Өнім беруші жұмыскерлерінде аварияларға/жарақаттарға немесе кәсіптік аурулардың туындауына әкеп соғуы мүмкін ықтимал тәуекелдер, тиісті алдын алу шараларын (мысалы, жобалау, инжиниринг, әкімшілік бақылау, профилактикалық қызмет көрсету, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі рәсімдер, қауіпсіздік жөніндегі ағымдағы тренингтер, сондай-ақ жеке қорғану құралдарымен жарақтандыру) қабылдау арқылы бағалануы және бақылануы қажет.

7.4. Өнім беруші қауіпті жұмыс түрлеріне тән факторларды барынша азайту мақсатында жазатайым оқиғалар мен жарақаттардан, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық аурулардан болатын зардаптардың, залалдардың алдын алу немесе жою жөнінде барабар шаралар қабылдауға міндетті. Өнім беруші өз жұмыскерлеріне қосымша ақысыз тиісті жеке қорғаныс құралдарын ұсынуы керек. Дене жарақаттарына әкеп соққан кез келген оқиға немесе жазатайым оқиға, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық аурулар құжатпен ресімделіп, Өнім берушінің жоғары басшылығының назарына жеткізілуге тиіс.

7.5. Қоғам, Қоғамдағы қауіпсіздікті үздіксіз жақсарту, өз жұмыскерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыс жүргізеді және бұл туралы өзінің іскерлік серіктестерін міндеттейді. Өндірістік алаңдарда жұмыстарды орындау кезінде Өнім беруші еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жоғары стандарттарды сақтайды, авариялық жағдайдың туындағаны туралы дереу хабарлауға жауапты болады.

8. Қоршаған ортаны қорғау.

8.1. Қоғам қоршаған ортаны қорғау үшін өзінің әлеуметтік жауапкершілігін мойындайды және экологиялық тұрақтылықты қолдайды. Қоғам Өнім берушіден көміртегі шығарындыларын белсенді түрде азайтуға, суды тұтынуды азайтуға және қалдықтардың пайда болуын азайтуға бағытталған корпоративтік ұмтылыстарымен бөліседі деп күтеді.

8.2. Өнім беруші қоршаған ортаны сақтауға және олардың табиғи ресурстарға теріс әсерін барынша дәрежеде азайтуға ықпал ететін іс-шараларды енгізуі және/немесе орындауы тиіс.

8.3. Өнім беруші шартты орындау кезінде өндірілетін зиянды заттардың көлемін шектейді, сондай-ақ мұндай қалдықтарды қоршаған ортаға үлкен зиян келтірместен жоюды қамтамасыз етеді.

8.4. Өнім беруші улы заттарды пайдаланудың алдын алу шараларын қабылдауы керек. Балама болмаған жағдайда, Өнім беруші улы заттарды қолдануды барынша азайтып, қауіпсіз өндеуді және олардың жойылуын қамтамасыз етуі тиіс. Басқа зиянды заттарға, элементтерге

	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 39

немесе шектеулі пайдаланудағы қалдықтарға қатысты Өнім беруші қолданылатын барлық құқықтық нормаларды қатаң сақтауға тиіс.

8.5. Өнім беруші табиғатты сақтау технологияларын (мысалы, ластаушы заттарды, көмірқышқыл газының бөлінуін бақылауды), сондай-ақ энергияны үнемдеу және қалдықтарды қайта өңдеу технологияларын дамытуды жүзеге асырады, сондай-ақ олардың қоршаған ортаға теріс әсерін төмендететін логистикалық стратегияларды (әсіресе сақтауға, шамадан тыс тиеуге және тасымалдауға қатысты) енгізеді.

9. Құпиялылық және деректер қауіпсіздігі

9.1. Өнім беруші құпия ақпаратты қорғауға, егер олар оны жария етуге арнайы жазбаша рұқсат алмаса, Қоғам, оның серіктестері, іскерлік іс-шаралар, шарттар, жобалар, құрылым, қаржылық жағдай немесе қызмет туралы кез келген ақпарат туралы құпиялылықты сақтауға тиіс.

9.2. Өнім беруші, клиент деректерінің қауіпсіздігі мен қауіпсіздігіне кепілдік беретін жүйелерді пайдалануы, құпия деректердің ағып кетуіне жол бермеуі керек.

9.3. Өнім беруші деректерді қорғауды, сондай-ақ Қоғамға ұсынылатын тауарларға, жұмыстарға және/немесе қызметтерге қатысты бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ететін төтенше жағдайлар мен авариялық қалпына келтіру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етеді. Іс-шараларға ауа-райының қолайсыздығы немесе басқа да табиғи апаттар, жұмыс күшінің немесе басқа ресурстардың жетіспеушілігі, жүйенің және/немесе объектілердің тоқтап қалуы немесе қол жетімсіздігі, электр қуатының үзілуі және байланыстың үзілуі жағдайында үздіксіздік және қалпына келтіруді қамтамасыз ету жоспарларын енгізу рәсімдері кіруі тиіс.

9.4. Өнім беруші Қоғамға деректер қауіпсіздігінің кез келген осалдығы туралы хабарлайды және оларды дереу жояды.

10. Корпоративтік этика

10.1. Өнім беруші бәсекелестікті қорғау саласындағы ұлттық және халықаралық заңнамаға сәйкес әрекет етуге және сауда-саттықты өткізу кезінде баға келісіміне, нарықты немесе Тапсырыс берушілерді бөлуге, нарықты бөлуге немесе бәсекелестермен сөз байласуға қатыспауға міндеттенеді.

10.2. Өнім беруші ақшаны жылыстатуға немесе терроризмді қаржыландыруға тікелей немесе жанама түрде ықпал етпеуге міндеттенеді.

10.3. Өнім беруші экспортты бақылау жөніндегі ұлттық және халықаралық шараларды, сондай-ақ оның қызметіне қолданылатын сауда, экономикалық және қаржылық санкциялар мен эмбарголарды сақтауы керек. Өнім беруші санкциялар қолданылатын елдер мен ұйымдар туралы мәліметтерді қоса алғанда, оның қызметіне қолданылатын сауда шектеулерімен танысуға және оларды сақтауға тиіс.

10.4. Өнім беруші қызметті жауапкершілік пен шыншылдық қағидаттарына сәйкес жүзеге асыруы тиіс. Өнім беруші алаяқтық пен ақшаны жылыстатуды анықтау және алдын алу бойынша ішкі бақылау жүйелерін және мұндай жағдайларда ден қою шараларын пайдалануы тиіс. Қоғамның қызметіне әсер етуі мүмкін ықтимал алаяқтықтың барлық жағдайлары туралы дереу хабарлау керек.

11. Қорытынды ережелер.

11.1 Осы Өнім беруші кодексінің талаптары Шарттың ажырамас бөлігін құрайды.

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 40

11.2 Қоғамның Өнім берушісі осы құжатпен өз жұмыскерлерін осы Өнім беруші кодексімен таныстыру міндеттемесін қабылдайды.

11.3. Өнім беруші және/немесе оның жұмыскерлері Қоғамға Өнім беруші кодексінің анықталған немесе болжамды бұзылғаны туралы хабарлауға міндетті. Егер олар адал әрекет етсе, бұл Өнім берушіге және/немесе оның жұмыскерлеріне қарсы қолданылмайды. Егер кімде-кім ақпарат алса немесе Өнім беруші кодексін бұзатын қандай да бір іс-әрекеттің жасалуын болжаса немесе куә болса, тиісті ақпарат Қоғамға мынадай сайтта көрсетілген байланыс арналары арқылы берілуі керек: <https://qazaqgaz.kz>.

Мен

(Т.А.Ә.)

_____ негізінде әрекет етемін, осылайша, Өнім берушінің уәкілетті өкілі бола отырып, осы құжаттың мазмұнын мұқият тексергенімді және түсінгенімді растаймын, сондай-ақ Өнім беруші, осы Өнім берушінің кодексіне толық сәйкестікте әрекет ететінін растаймын.

Т.А.Ә. _____

Атауы _____

Күні: _____

Қолы: _____

Мөр.

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № Сәйк. коды: П-14-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты	42-ден - 42

Танысу парағы

№ р/с	Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				
11				
12				
13				
14				
15				
16				
17				
18				
19				
20				
21				
22				
23				
24				
25				
26				
27				
28				
29				
30				
31				
32				
33				